«AKTEL ALUMNI» ҚБ
Қатысушы-азаматтардың Құрылтайшылық жиналысының №1 Хаттамасымен
«14» қаңтар 2021 жылы
«БЕКІТІЛГЕН»

«УТВЕРЖДЕН»
Протоколом № 1 Учредительного собрания граждан-участников
ОО «AKTEL ALUMNI»
от «14» января 2021 года.

«AKTEL ALUMNI» Қоғамдық бірлестігінің Ж А Р Ғ Ы С Ы

УСТАВ Общественного объединения «AKTEL ALUMNI»

Қызылорда қаласы, 2021 жыл
город Кызылорда, 2021 год

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «AKTEL ALUMNI» қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі - Бірлестік) коммерциялық емес ұйым болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік - құқықтық актілеріне, осы Жарғыға (бұдан әрі - Жарғы) сәйкес жүзеге асырады.

Бірлестік Қазақстан Республикасының азаматтарын Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін ерікті негізде біріктіретін ұйым болып табылады.

1.2. Бірлестік осы Жарғы бойынша әрекет етеді және өз қызметін төмендегі атауларын қолданып жүзеге асырады:

Толық атауы:

- **мемлекеттік тілде: «AKTEL ALUMNI»** Қоғамдық бірлестігі;
- **орысша:** Общественное объединение **«AKTEL ALUMNI».**

Қысқаша атауы:

- **мемлекеттік тілде: «AKTEL ALUMNI»** ҚБ;
- **орысша:** ОО **«AKTEL ALUMNI»**

1.3. Бірлестіктің қызметінің мерзімі шектелмеген.

1.4. Бірлестіктің мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., 120000, Желтоксан к-сі, 3 үй, 4 пәтер.

1.5. Бірлестіктің дербес балансы, банк шоттары және Бірлестіктің мемлекеттік және орыс тілдерінде толық атауы көрсетілген мөрі, мөртабандар мен бланкілері, сонымен қатар басқа да деректемелері бар. Бірлестіктің меншікті эмблемасы бар болуы мүмкін.

1.6. Бірлестік мемлекеттік тіркеуден еткен кезінен бастап заңды тұлға құқықтарына иеленеді, ол өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарға иеленіп, сотта талапкер мен жауапкер бола алады, Бірлестік оқшауланған мүлікке иеленген; сонымен қатар, Бірлестіктің заңнамаға сәйкес келетін міндеттері бар.

1.7. Толық құқықтық қабілеті бар Бірлестік өзінің жарғылық қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес кез келген шешімдерді қабылдап, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін кез келген іс - әрекеттерді жүзеге асыруға, заңнамада көзделген барлық құқықтарға жүзеге асыруға құқылы.

1.8. Бірлестік өз міндеттемелері бойынша өзінің меншігінде бар бүкіл мүлікпен жауап береді және де өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бірлестіктің мүшелері Бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

1.9. Бірлестік ерікті негізде одақтарға, қоғамдық бірлестіктердің қауымдастықтарына кіріп, халықаралық байланыстар мен шарттарды, тиісті келісімдер мен келісім-шарттарды жасауға құқылы.

1.10. Мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға Бірлестіктің қызметіне заңсыз араласуға рұқсат етілмейді.

1.11. Бірлестіктің жергілікті қоғамдық бірлестік мәртебесі бар және ол өз қызметін Қызылорда қаласы аумағында жүзеге асырады.

1.12. Бірлестікке берілген мүлік Бірлестіктің меншігі болып табылады.

2. БІРЛЕСТІКТІҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚЫЗМЕТТЕРІ.

2.1. Бірлестік қызметінің мақсаты өзінің мүшелерінің жігерлерін біріктіру мен тәжірибе алмасу, мемлекеттің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстандық жастардың белсенділіктерін шоғырландыру мен арттыру, Қазақстандағы және әлемнің басқа елдеріндегі жастар ұйымдарымен байланыста болу, сонымен қатар оларды мүшелердің тәжірибелерін, білімдерін және дағдыларын қолдана отырып әлеуметтік қолдау.

2.2. Бірлестіктің қызметінің мақсаты:

1) мүшелердің күш салуларын, зияткерлік, шығармашылық және іскерлік әлеуетін әлеуметтік - экономикалық көкейкесті мәселелерді шешуге біріктіру, Қазақстан Республикасының экономикалық, әлеуметтік және саяси ілгерілеуге ықпал ететін іс-шараларды өткізу;

2) мүшелерге біліктіліктерін арттыруға, әлеуметтік-экономикалық және басқарушылық қызметтің жаңа түрлері мен әдістерін, озық отандық және шетелдік тәжірибені игеруге жәрдемдесу;

3) мүшелер арасындағы қарым-қатынасты орнатып, тәжірибе үшін жағдайлар жасау алмасу, өзара қолдауға бағытталған іс-шараларды өткізу;

4) Мамандардың біліктіліктеріне, практикалық тәжірибе мен қабілеттіліктерге сәйкес келетін жұмыс орынын іздестіруге жәрдемдесу;

5) мүшелердің Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметінің қазіргі кездегі кадр резерві ретіндегі мәртебесін арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізу;

6) кең жұртшылыққа көкейкесті мәселелер бойынша пікірталастардың өткізілуіне бастамашы болу, қызықты идеялар мен шетелдік тәжірибені трансферттеу, ғаламдық үрдістер мен олардың Қазақстанға ықпал етуін талдау және мониторинг жасау арқылы елімізде кәсіби сараптамалық қауымдастықтың қалыптасуына ықпал ету;

7) Қазақстанның елімізде және шет елде республиканың жетістіктерін насихаттау, халықаралық және отандық үкіметтік емес ұйымдармен және зерттеу орталықтарымен әрекеттестікті орнату арқылы оң бейнесін

қалыптастыруға ықпал ету;

8) студенттермен дәрістер мен кездесулерді өткізу, мемлекеттің және Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын түсіндіру арқылы жоғары деңгейдегі білім алған патриотшыл жастар буынының қалыптасуына ықпал ету;

9) талантты жастарды табу және оларды көтермелеу, жерлерде жастардың көкейкесті мәселелері туралы ақпаратты жинақтау және олардың жүйелі шешу үшін іс - шараларды әзірлеу;

10) нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстарды әзірлеу және оларды тиісті мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдарға жолдау;

11) әлеуметтік - экономикалық өмірдің кез келген салаларында (мәдениет, білім беру, денсаулық сақтау саласы және т.б.) зерттеулерді жүргізу және бар көкейкесті мәселелерді тиімді шешу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

12) мамандырылған конференцияларды, симпозиумдарды, семинарларды, «дөңгелек үстелдерді», пікірталастарды, конкурстар мен басқа да іс-шараларды өткізу;

13) заңмен көзделген тәртіпте ғылыми, оқу, ақпараттық және насихаттық материалдарды, соның ішінде мерзімді басылымдарды басып шығару және тарату.

2.3. Бірлестік Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін және Бірлестіктің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқылы. Кәсіпкерлік қызметпен айналысқаннан алатын табысты Бірлестіктің мүшелері арасында бөліп таратуға болмайды, олар Бірлестіктің жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге жұмсалады.

2.4. Бірлестік қызметтің жекелеген түрлерін Заңнамаға сәйкес тек лицензиялар негізінде ғана жүзеге асырады.

3. БІРЛЕСТІККЕ МҮШЕЛІК, БІРЛЕСТІК МҮШЕЛЕРЕІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Бірлестіктің мүшелері өз дербестіктерін сақтап қалады.

3.2. Жарғыны мойындайтын, Бірлестіктің негізгі мақсаттары мен міндеттерінің жүзеге асырылуына салым енгізетін Қазақстан Республикасының азаматтары, басқа мемлекет азаматтары және азаматтығы жоқ кісілер Бірлестіктің мүшелері бола алады.

3.3. Бірлестікте «құрметті мүшелік» ұғымы бар. Құрметті мүшелік Бірлестік Президентінің ұсынысы бойынша Мүшелердің Жалпы жиналысының шешімімен кез келген адамға оның Бірлестік алдындағы еңбектері, сонымен қатар басқа да Қазақстан Республикасы үшін және де әлемде көрнекті маңызы бар кез келген еңбектері үшін беріледі. Құрметті мүшелер Бірлестік мүшелерінің құқықтарын иеленіп, міндеттерін атқармайды.

3.4. Бірлестік мүшелігіне қабылдау Бірлестік Президентінің шешімі бойынша, жазбаша арыз негізінде жүзеге асырылады. Қабылдау рәсімі Бірлестіктің Президентімен бекітілген Ережелермен реттеледі. Байланыстың электронды құралдары арқылы да дауыс беруге де рұқсат етіледі. Бірлестіктің мүшелігінен шығу туралы өтініш Бірлестіктің Президентіне тапсырылады. Бірлестіктің мүшесі Мүшеліктен Бірлестіктің Президент бұйрығының негізінде шығарылады. Аталған шешімге жоғарыда тұрған органға - Бірлестіктің Мүшелердің Жалпы жиналысына шағым арыз беруге болады. Мүшеліктен Жарғының ережелері бұзылған, мүше атағына лайықты емес қылықтарды жасағанда және мүшелік жарналарды төлемеген кезде шығарылады.

3.5. Бірлестік мүшелерінің құқықтары:

1) осы Жарғыда көзделген тәртіпте Бірлестіктің істерін басқаруға;

2) бірлестіктің іс - әрекеті туралы барлық қажетті ақпаратты алуға;

3) Мүшелердің Жалпы жиналысына дауыс беру құқығы бар болып қатысуға, Бірлестіктің басқару және бақылау органдарына сайлауға және сайлануға;

4) осы Жарғымен және де Мүшелердің Жалпы жиналысына немесе Бірлестіктің Президентімен ұсынылған өкілеттіктер шеңберінде азаматтармен және ұйымдармен орнатылатын өзара қарым - қатынастарда Бірлестіктің өкілі ретінде әрекет етуге;

5) меншікті және тартылған қайырымдылық жарналарды енгізуге;

6) қаржылық, материалды және баска да көмек түрлері туралы өтініш білдіруге;

7) Қазақстан мен шетелде ұйымдастырылатын іс - шараларға қатысу, сонымен қатар Бірлестік Президентінің тапсырмасы бойынша Бірлестіктің мүдделеріне кез келген мемлекеттік, қоғамдық, жеке және халықаралық ұйымдардың жұмыстарында өкілдік етуге;

8) Ішкі талқылаулар барысында Бірлестіктің басқарушылық органдарының көзқарастарына сәйкес келмейтін пікірді білдіруге;

9) Бірлестіктің алдындағы материалды және өзге де міндеттемелерді орындағаннан кейін Бірлестіктегі мүшеліктен шығуға;

10) Бірлестіктің өз мүшелеріне ұсынатын өзге де құқықтарды иеленуге құқылы.

3.6. Бірлестік мүшесінің Бірлестіктің мүлкіне, соның ішінде өзі Бірлестікке табыс еткен мүлікке деген құқықтары жоқ.

3.7. Бірлестік мүшелерінің міндеттері:

1) осы Жарғының ережелерін сақтау;

2) Бірлестікке қатысты иеленген міндеттемелерді орындау;

3) Бірлестіктің тәжірибелік жұмысына қатысу және де өз қызметі туралы есеп беру;

4) Бірлестік Президентінің, Тексеру комиссиясының құрамын, Жарғыны немесе жылдық жұмыс жоспарын өзгерту туралы мәселе шешілетін Мүшелердің Жалпы жиналыстарға қатысу;
5) күнтізбелік мерзімнің бірінші айында жыл сайынғы мүшелік жарналарды төлеп түру. Аталған мерзімде мүшелік жарналар төленбеген жағдайда Бірлестікке мүшелік сол мезетте тоқтатылатын болады. Бірлестіктің жаңа мүшелері үшін мүшелік жарналарды төлеу жөніндегі міндеттеменің орындау мерзімі Бірлестіктің мүшелері қатарына қабылданған кезден басталады.
6) Бірлестіктің беделі мен оң бейнесі туралы ойлау, оның мақсаттары мен міндеттерін насихаттау;
7) Бірлестіктің нақты бағдарламалары мен жобаларының орындалуына ықпал ету.
8) Бірлестіктің абыройына, қаржылық, коммерциялық және өзге де мүдделеріне нұқсан келтіре алатын қызметтің кез келген түрінен бас тарту;
9) Бірлестіктің басқарушы органдарының шешімі бойынша өткізілетін іс - шараларға белсенді қатысу;
10) көпшілік алдында Бірлестіктің қызметіне қатысты сөйлейтін сөздер мен сұхбаттардың мазмұны мен сөйленетін сөздер мен сұхбаттардың көпшілікке жария етілу уақытын Бірлестік Президентімен алдын ала келісу, сонымен қатар Бірлестікке қорытынды ақпаратты ұсыну;
11) Бірлестікке оның жарғылық қызметіне қатысты нақты шешімдерді шешу үшін қажетті болып табылатын ақпаратты ұсыну;
12) Бірлестіктің мүлкін сақтау;
13) Бірлестіктің қызметі туралы құпия ақпаратты жария етпеу.
14) Күнделікті өмірде мінез - құл ықтың этикалық нормаларын сақтау және Бірлестіктің абыройына нұқсан келтіретін іс - әрекеттерді жасаудан бас тарту.

4. БІРЛЕСТІК МҮШЕЛІГІНЕН ШЫҒАРУ

4.1. Бірлестік төменде көрсетілген жағдайларда Бірлестік мүшелігінен шығаруға құқылы:
1) Бірлестіктің мүшесі Жарғының, Мүшелердің Жалпы жиналысымен Бірлестік Президентінің талаптарын орындамаған жағдайда;

2) Бірлестіктің мүшесі Бірлестік алдындағы өз міндеттемелерін жүйелі түрде орындамаған кезде немесе өз міндеттемелерін тиісті деңгейде орындамағанда;
3) Бірлестіктің мүшесі өзінің іс-әрекетімен немесе әрекетсіздігімен Бірлестіктің қалыпты қызмет етуіне кедергі келтіргенде;
4) белгіленген мерзімде мүшелік жарнаны енгізбегенде.
4.2. Бірлестіктің мүшелігінен шығару туралы шешімді Бірлестіктің Президент! қабылдайды.
4.3. Бірлестікке қабылдау және Бірлестіктің мүшелігінен шығу рәсімі Бірлестік Президентімен бекітілген ережелермен реттеледі.

5. БІРЛЕСТІК МҮЛІГІ

5.1. Бірлестіктің мүлігі және қорлары келесілердің есебінен құрылады:
1) құрылтайшылардың (мүшелердің) салымдарынан;
2) қазақстандық және шетелдік заңды және жеке тұлғалардың ерікті ақшалай және өзге жарналарынан, қайырымдылықтарынан, соның ішінде Бірлестіктің нақты бағдарламаларын іске асыруға бағытталған мақсатты тағайындауларынан;
Бірлестіктің жарғылық мақсаттарына сәйкес жүзеге асырылатын шаруашылық қызметтен түскен түсімдерден;
3) Бірлестік ұйымдастырған қайырымдылық шаралардың нәтижесінде алған құралдардан;
4) өзге заңды қайнар көздерден.
5.2. Бірлестік жарғылық мәселелерді орындау үшін оның Құрылтайшыларымен, өзге азаматтармен және заңды тұлғалармен берілген мүліктердің, сонымен қатар шаруашылық қызметтен түскен кірісті қоса алғанда, жеке қорлары есебінен онымен құрылған немесе сатып алынған мүліктердің меншік иесі болып табылады.
5.3. Бірлестіктің меншігінде ғимараттар, құрылыстар, тұрғын-үй қоры, жабдықтар, құрал-саймандар, мәдени-ағарту және сауықтыру мақсаттағы мүліктер, ақша қорлары, акциялар және басқа бағалы қағаздар, сонымен қатар осы жарғымен қарастырылған қызметті қамтамасыз етуге қажетті өзге мүліктер бар.
5.4. Бірлестіктің мүлігі және ақша қорлары Бірлестіктің дербес балансында болады және ағымдағы есептік шотта есепте тұрады. Қажет жағдайда Бірлестік жеке және/немесе заңды тұлғалардан ерікті қайырымдылық ретінде түсетін немесе Қордың нақты бағдарламалары мен жобаларын іске асыруға қажетті ақша қорларын (соның ішінде валюталық) есептеу үшін арнайы ағымдағы және қосалқы шотты қосымша ашады.
5.5. Бірлестік Заңнамаға сәйкес өндіріп алу шаралары қолданылатын өзінің мүліктеріне және қорларына өзінің міндеттемелері шегінде толық мүліктік жауап береді.
5.6. Бірлестік өз қызметін асыру үшін тұрғын емес үй-жайды және өзге де мүлікті жалдауға құқылы.
5.7. Бірлестіктің Мүшелері Бірлестіктің мүліктеріне қатысты мүліктік құқықтарға ие бола алмайды.

6. ҚАРЖЫЛЫҚ-ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ

6.1. Бірлестіктің жарғылық қызметін жүзеге асыру қаржы ресурстарын жинау және материалдық- техникалық базаны дамыту мақсатында Бірлестік:

1) шаруашылық қызметін жүргізуге, шарттар, соның ішінде еңбек шарттарын жасауға, Заңнамамен тыйым салынбаған кез келген мәмілелерді жасауға және кірістер алуға;

2) олардың жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға қажетті заңды тұлғалар құқығымен кәсіпорындар және ұйымдар құруға;

3) міндетті мемлекеттік лицензияға тиесілі қызметті жүзеге асыру үшін Бірлестік заңмен белгіленген тәртіпте рұқсат (лицензия) алуға құқылы.

6.2. Бірлестіктің кірістері, сонымен қатар Бірлестіктің ұйымдардан және азаматтардан алған ақша қаражаттары, соның ішінде валюталық қорлар, жылжымайтын мүліктер, жабдықтар, мүліктер және басқа материалдық құндылықтар Бірлестіктің Мүшелері, Бірлестік қызметкерлері, олардың жанұялары арасында бөлінбейді және жеке тұлғалардың немесе шектелуі тұлғалар тобының мүдделері үшін пайдаланылмайды.

6.3. Жарғының 6.2 тармағында көрсетілген Бірлестіктің кірістері мен ақша қаражаттары жарғылық қызметті және өзге қайырымдылық қызметті, Бірлестікпен немесе Бірлестіктің қатысуымен әлеуметтік бағдарламаларды және жобаларды іске асыру үшін қолданылады.

7. БІРЛЕСТІКТІ БАСҚАРУ

7.1. Бірлестік келесідей басқарудың ұйымдастырушылық құрылымға ие:

1) Бірлестікті басқарудың жоғарғы органы - **Мүшелердің Жалпы жиналысы;**

2) Бірлестіктің атқарушы органы - **Президент;**

3) Бақылаушы органы - **Тексеру комиссиясы.**

7.2 Мүшелердің Жалпы жиналысы өзге органдарды құруға құқылы, осыған байланысты тиісті өзгерістер мен толықтырулар Бірлестіктің Жарғысына енгізіледі.

8. МҮШЕЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

8.1. Бірлестіктің жоғарғы органы Мүшелердің Жалпы жиналысы болып табылады.

8.2. Мүшелердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер кіреді:

1) Бірлестіктің Жарғысына немесе олардың жаңа редакциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Заңнамамен қарастырылған тәртіпте Бірлестікті ерікті тарату немесе қайта құру туралы шешімді бекіту;

3) Бірлестіктің басқару органдарының құзыреттерін, ұйымдастыру құрылымын анықтау және өкілеттіктерін белгілеу және тоқтату;

4) Құрылтайшылардан немесе өзге де жеке және заңды тұлғалардан Бірлестікке қосымша салымдар бойынша шешімдерді бекіту;

5) Басқа заңды тұлғалардың қызметіне Бірлестіктің қатысуы туралы шешімдерді бекіту және Бірлестіктің филиалдары мен өкілдіктерін ашу;

6) атқарушы органдардың қаржылық есептілігін ұсыну тәртібін және кезектілігін бекіту, сонымен қатар бақылаулы органмен тексеру тәртібін және олардың нәтижелерін бекіту;

7) Бірлестіктің ағымдағы қызметінің қаржыландырылуы сұрақтарын шешу;

8) Бірлестік Президентінің жылдық есептерін бекіту;

9) Кез келген сот немесе арбитраждық істерін қозғау немесе реттеу бойынша шешімдер қабылдау;

10) Бірлестіктің шығыстар сметасын бекіту;

11) Бірлестіктің Тексеру комиссиясының құрамы мен есептерін бекіту;

12) Штаттық кестені, бекітеді, еңбекке ақыны төлеу жүйесін анықтайды, лауазымдық жалақылардың мөлшерін бекітеді;

13) Бірлестік қызметінің тәртібін анықтайтын ішкі құжаттарын бекітеді;

14) Бірлестіктің мүшелік жарналарының мөлшерін анықтайды.

8.3. Мүшелердің Жалпы жиналыстарының шешімдері Бірлестік мүшелерінің барлығы үшін міндетті болып табылады.

8.4. Мүшелердің Жалпы жиналысының отырысы Мүшелер құрамының 2/3 (үштен екі) бөлігі қатысқан жағдайда, шешім қабылдауға құқылы болып саналады. Шешімдер Мүшелердің Жалпы жиналысына қатысушылардың жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады.

9. БІРЛЕСТІКТІҢ АТҚАРУШЫ ОРГАНЫ

9.1. Бірлестіктің атқарушы органы **Президент** болып табылады.

9.2. Президенттің міндеттеріне және өкілеттіктеріне Бірлестіктің күнделікті қызметін және операцияларын басқару кіреді.

9.3. Президент Мүшелердің Жалпы жиналысының шешімімен бекітіледі және тағайындалады. Президент үш жыл мерзімге тағайындалады.

9.4. Президент Мүшелердің Жалпы жиналысының шешімдеріне, осы Жарғыға сәйкес және солардың негізінде әрекет етеді.

9.5. Мүшелердің Жалпы жиналысының ерекше құзыретіне кіретін мәселелерден басқа, Президенттің негізгі міндеттері келесі мәселелерді қамтиды:

1) Бірлестік қызметінің ағымдағы басқарылуын жүзеге асыру;

2) бекітілген шығыстар сметасына сәйкес Бірлестік қаражаттарына билік ету;

3) өзінің өкілеттіктері шегінде сенімхаттар, соның ішінде қайта сеніп тапсыру құқығымен Бірлестіктің мүдделерін үшінші тұлғалар қатысында ұсыну құқығына сенімхаттар беру;
4) Бірлестіктің атынан сенімхатсыз әрекет ету және оны барлық мекемелерге, кәсіпорындарға және ұйымдарға, сонымен қатар Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі үшінші тұлғалар алдында өкілдік ету;
5) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде Бірлестіктің банктік шоттарын ашу және жабу;
6) Бірлестік атынан дербес мәмілелер жасасу, бұйрықтар мен өкімдер шығару;
7) Мүшелердің Жалпы жиналысының бекітуіне жылдық бюджет пен есептерді ұсыну;
8) Бірлестіктің құзыретіне қатысты мәселелер бойынша басқа ұйымдармен ынтымақтасу;
9) Бірлестік қызметкерлерін жалдау және жұмыстан босату мәселелері бойынша шешім қабылдау, қызметкерлерге қатысты көтермелеу және тәртіптік жаза қолдану шараларын қабылдау; және
10) Бірлестік қызметін басқару үшін қажетті өзге де әрекеттерді іске асыру.

9.6. Президентке Осы Жарғыда қарастырылған жағдайлардан басқа, үшінші тұлғалардың атынан немесе олардың мүдделері үшін әрекет етуге тыйым салынады.

9.7. Президент осы Жарғының және заңнаманың талаптарын сақтамағаны үшін жауап береді.

9.8. Президенты қызметтен босату Жарғыға сәйкес Мүшелердің Жалпы жиналысының шешімімен жүзеге асырылады.

9.9. Президент өз міндеттерін орындамаған жағдайда Мүшелердің Жалпы жиналысының шешімімен мерзімінен бұрын қайта тағайындалуы мүмкін.

10. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

10.1. Тексеру комиссиясы жыл сайын Мүшелердің Жалпы жиналысының шешімімен тағайындалады және Бірлестіктің шоттары мен бухгалтерлік кітаптарын үздіксіз тексеретін үш адамнан кем болмауы тиіс.

10.2. Тексеру комиссиясы Президенттен бухгалтерден барлық қажетті материалдарды, бухгалтерлік құжаттарды және өзге де қаржылық-шаруашылық құжаттарды талап етуге құқылы.

11. ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

11.1. Осы Жарғының 8.2 тармағының 1-ші тармақшасына сәйкес өзгерістер мен толықтыруларды бекіту Мүшелердің Жалпы жиналысының ерекше құзіретіне жатады. Шешім Бірлестік мүшелерінің бірыңғай қолдауымен қабылданады және Мүшелердің Жалпы жиналысының Хаттамасымен ресімделеді.

11.2. Бірлестіктің Жарғысына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады және құрылтай құжаттарына тиісті өзгерістерді әділет органдарында тіркеушілік рәсімдерді өткеннен кейін ғана заңды күшіне ие болады.

12. ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕР

12.1. Бірлестік Қызылорда қаласы аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктерді құруға құқылы.

12.2. Заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның барлық немесе жекелей функцияларын жүзеге асыратын оқшау бөлімшесі Бірлестік филиалы болып табылады.

12.3. Заңды тұлғаның тұрған жерінен тыс орналасқан және оның мүдделерін қорғау мен өкілдігін жүзеге асыратын оқшау бөлімшесі Бірлестік өкілдігі болып табылады.

12.4. Филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлға болмайды. Бұларға өздерін құрған коммерциялық емес заңды тұлғаның мүлкі беріледі және оның бекіткен ережелері негізінде жұмыс істейді.

12.5. Бірлестіктің филиалдары мен өкілдіктерінің басшылары Бірлестіктің өкілетті органымен тағайындалады және сенімхат негізінде әрекет етеді.

12.6. Филиал мен өкілдік Бірлестік атынан әрекет етеді. Филиал мен өкілдік қызметі үшін жауапкершілікті Бірлестік өзі алады.

12.7. Есептік тіркеуден, қайта тіркеуден өту тәртібі мен мерзімдері заңды тұлғаларды тіркеу заңнамасымен реттеледі. Жарғыда көзделмеген сұрақтар әрекет етуші заңнамамен реттеледі.

13. БІРЛЕСТІКТІ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ ТӘРТІБІ

13.1. Бірлестікті қайта құру келесілерді ескеріп, қосылу, бірігу, бөліну, бөлініп шығу немесе қайта түрлену арқылы жүзеге асырылады:
1) Бірлестік бірігу, қосылу немесе қайта түрлену арқылы қайта құрылған жағдайда, оның құқықтары мен міндеттері өткізу актісіне сәйкес жаңа заңды тұлғаларына өтеді;
2) Бірлестікті бөлген кезде, оның құқықтары мен міндеттері бөлу балансына сәйкес қайта құрылған заңды тұлғаға өтеді; және
3) Бірлестіктен бір немесе бірнеше заңды тұлғалар бөлінген жағдайда, олардың әрқайсысына құқықтар мен міндеттер бөлу балансына сәйкес өтеді.

13.2. Барлық қайта құруға қатысты өткізу актісі және бөлгіш баланстық есептілігі Мүшелердің Жалпы жиналысымен бекітіледі және тараптармен дауласатын міндеттемелерді қоса алғанда, барлық кредиторлар мен дебиторлар қатысында Бірлестіктің барлық міндеттемелерін беру туралы ережені қамтиды.

13.3. Бірлестікті қайта құрумен байланысты барлық процедуралар заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

13.4. Бірлестікті тарату Мүшелердің Жалпы жиналысының, соттың немесе басқа уәкілетті органның шешімі бойынша заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады. Бірлестіктің қызметін тоқтату заңнамамен қарастырылған жағдайларда Мүшелердің Жалпы жиналысының шешімі немесе соттың шешімі бойынша тарату арқылы жүргізіледі. Бірлестіктің таратудан қалған мүлігін пайдалану туралы шешімді бұқаралық ақпарат құралдарында тарату комиссиясы жариялайды. Таратудан кейін қалған Бірлестіктің мүлігі және қаржы қорлары тек осы Жарғымен қарастырылған мақсаттарға жұмсалуы мүмкін.

13.5. Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне тиісті жазба енгізілгеннен кейін Бірлестіктің таратылуы аяқталған, ал Бірлестіктің жұмыс істеуі тоқтатылған болып есептеледі.

14. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

14.1. Осы Жарғымен реттелмеген қарым - қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

«AKTEL ALUMNI»
Қоғамдық бірлестігінің Президенті **Ерубаев Есенгельды Калмаганбетович**

1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1. Общественное объединение «**AKTEL ALUMNI**» (далее - Объединение) является некоммерческой организацией и осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией Республики Казахстан: Гражданским Кодексом Республики Казахстан, Законами Республики Казахстан "Об общественных объединениях", «О некоммерческих организациях», другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также настоящим Уставом (далее - Устав). Объединение является организацией, объединяющей на добровольной основе граждан Республики Казахстан для достижения ими общих целей, не противоречащих законодательству Республики Казахстан.

1.2. Объединение действует в соответствии с настоящим Уставом и может осуществлять свою деятельность, используя следующие наименования:

Полное наименование:

- на государственном языке: **«AKTEL ALUMNI»** Қоғамдық бірлестігі;
- на русском языке: Общественное объединение **«AKTEL ALUMNI».**

Краткое наименование:

- на государственном языке: **«AKTEL ALUMNI»** ҚБ;
- на русском языке: **ОО «AKTEL ALUMNI».**

1.3. Срок деятельности Объединение не ограничен.

1.4. Местонахождение Объединения: Республика Казахстан, г. Кызылорда, индекс 120000, ул. Желтоксан, дом 3, квартира 4.

1.5. Объединение имеет самостоятельный баланс, банковские счета, печать, штампы и бланки с указанием полного наименования Объединения на государственном и русском языках, а также другие реквизиты. Объединение может иметь собственную эмблему.

1.6. Объединение приобретает права юридического лица с момента ее государственной регистрации, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде, обладает обособленным имуществом на правах собственности.

1.7. Объединение, обладая полной правоспособностью, вправе принимать в соответствии с целями и задачами своей уставной деятельности любые решения и совершать любые действия, не противоречащие законодательству Республики Казахстан, пользоваться всеми представленными законом правами.

1.8. Объединение отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ей имуществом и не отвечает по обязательствам своих членов. Члены не отвечают по обязательствам Объединения.

1.9. Объединение имеет право на добровольной основе вступать в союзы, Объединения общественных объединений, налаживать международные контакты и связи, заключать соответствующие соглашения и контракты.

1.10. Не допускается незаконное вмешательство в деятельность Объединения государственных органов и должностных лиц.

1.11. Объединение имеет статус местного общественного объединения и распространяет свою деятельность на территории города Кызылорда.

1.12. Имущество, переданное Объединению, является собственностью Объединения.

2. ЦЕЛЬ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ОБЪЕДИНЕНИЯ

2.1. Предметом деятельности Объединения является объединение усилии и обмен опыта своих членов, консолидация и повышение активности Казахстанской молодежи, связь с аналогичными молодежными организациями Казахстана и других мировых стран для обеспечения устойчивого развития страны, а также их социальная поддержка, используя опыт, знания и навыки членов.

2.2. Целями деятельности Объединения являются:

1) объединение усилий, интеллектуального, творческого и делового потенциала членов на решение социально-экономических проблем, проведение созидательных мероприятий, способствующих экономическому, социальному и политическому прогрессу Республики Казахстан;

2) оказание помощи членам в повышении квалификации, освоении новых форм и методов социально-экономической и управленческой деятельности, передового отечественного и зарубежного опыта;

3) создание условий для общения членов и обмена опытом, проведение мероприятий, направленных на развитие взаимной поддержки;

4) оказание содействия членам в подборе места работы в соответствии с их квалификацией, практическим опытом и способностями;

5) осуществление мероприятий, направленных на повышение престижа членов как действующего кадрового резерва государственной службы Республики Казахстан;

6) содействие становлению в стране профессионального экспертного сообщества путем инициирования широких дискуссий по актуальным вопросам, трансферта идей и зарубежного опыта, проведения анализа и мониторинга глобальных процессов и их влияния на Казахстан;
7) содействие формированию положительного имиджа Казахстана в стране и за рубежом путем пропаганды достижений республики, взаимодействия с международными и отечественными неправительственными организациями и исследовательскими центрами;
8) содействие формированию высокообразованной патриотичной молодежи путем проведения лекций и встреч со студентами, разъяснения политики государства и Президента страны;
9) выявление и профессиональное продвижение талантливой молодежи, сбор информации о молодежных проблемах на местах для выработки мер по их системному решению;
10) выработка предложений к проектам нормативных правовых актов и их направление в соответствующие государственные органы и заинтересованные организации;
11) проведение исследований в различных сферах социально-экономической жизни (культура, образование, здравоохранение и др.) и разработка рекомендаций по эффективному решению существующих проблем;
12) проведение специализированных, в том числе международных конференций, симпозиумов, семинаров, “круглых столов”, дискуссий, конкурсов и других мероприятий;
13) издание и распространение в установленном законом порядке научных, учебных, информационных и пропагандистских материалов, в том числе периодических изданий.
2.3. Объединение вправе осуществлять предпринимательскую деятельность, которая соответствует уставным целям Объединения и не противоречит законодательству Республики Казахстан. Доходы, полученные Объединением от осуществления предпринимательской деятельности, не могут распределяться между членами Объединения, а направляются на достижение уставных целей и задач Объединения.
2.4. Отдельные виды деятельности в соответствии с Законодательством могут осуществляться Объединением только на основании лицензий.

3. ЧЛЕНСТВО В ОБЪЕДИНЕНИИ, ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ЧЛЕНОВ ОБЪЕДИЕНИЯ

3.1. Члены Объединения сохраняют свою самостоятельность.
3.2. Членами Объединения могут быть граждане Республики Казахстан, граждане других стран и лица без гражданства, признающие Устав и вносящие вклад в реализацию основных целей и задач Объединения.
3.3. Объединение признает «почетное членство». Почетное членство присваивается по представлению Президента Объединения решением Общего собрание членов любому человеку за признание его заслуг перед Объединением, а также за другие заслуга, имеющие выдающееся значение для Республики Казахстан и в мире. Почетные члены обладают правами и не несут обязанностей членов Объединения.
3.4. Прием в члены Объединения производится по решению Президента Объединения на основании письменного заявления. Процедура принятия регулируется Правилами, утвержденными Президентом Объединения. Допускается голосование через электронные средства связи. Заявление о выходе из членства в Объединении подается на имя Президента Объединения. Исключение из членства производится приказом Президента Объединения, которое может быть обжаловано в вышестоящий орган - Общее собрание членов Объединения. Исключение из членства производится в случае нарушения положений Устава, недостойных звания члена объединения и неуплаты членских взносов.
3.5. Члены Объединения имеют право:
1) участвовать в управлении делами Объединения в порядке, установленном настоящим Уставом;
2) получать всю необходимую информацию о деятельности Объединения;
3) присутствовать на Общем собрание членов с правом голоса, избирать и быть избранным в руководящие и контролирующие органы Объединения;
4) представлять Объединение в отношениях с гражданами и организациями в соответствии с настоящим Уставом и в рамках полномочий, представленных Общее собрание членов или Президентом Объединения;
5) вносить собственные и привлеченные благотворительные вклады;
6) ходатайствовать о получении финансовой, материальной и других видов помощи;
7) участвовать в мероприятиях, организуемых в Казахстане и за рубежом, а также представлять по поручению Президента Объединения интересы Объединения в работе различных государственных, общественных, частных и международных организаций;
8) высказывать в ходе внутренних обсуждений мнение отличное от позиции руководящих органов Объединения;
9) выйти из членства в Объединении после выполнения материальных и других обязательств перед Объединением;
10) иметь иные права, предоставляемые Объединением своим членам.
3.6. Член Объединения не имеет прав на имущество Объединения, в том числе на переданное им имущество и членские взносы.
3.7. Члены Объединения обязаны:
1) соблюдать положения настоящего Устава;
2) исполнять принятые обязательства по отношению к Объединению;

3) участвовать в практической работе Объединения и отчитываться о своей деятельности;
4) присутствовать на Общее собрание членов, где решается вопрос об избрании Президента Объединения, Ревизионной комиссии, Устава или годового плана работы;
5) уплачивать ежегодные членские взносы в течение первого месяца календарного года. В случае неуплаты в указанный срок членство в Объединении автоматически прекращается. Обязательство по уплате членских взносов для новых членов Объединения начинается с момента принятия в члены Объединения;
6) заботиться об авторитете и имидже Объединения, пропагандировать его цели и задачи;
7) содействовать выполнению конкретных программ и проектов Объединения;
8) воздерживаться от любого вида деятельности, способной нанести ущерб репутации, финансовым, коммерческим и иным интересам Объединения;
9) принимать активное участие в мероприятиях, проводимых по решению руководящих органов Объединения;
10) предварительно согласовывать с Президентом Объединения сроки и содержание публичных выступлений и интервью в средствах массовой информации касательно деятельности Объединения в целом, а также предоставлять Объединению итоговую информацию;
11) предоставлять Объединению информацию, необходимую для решения конкретных вопросов, относящихся к уставной деятельности Объединения;
12) беречь имущество Объединения;
13) не разглашать конфиденциальную информацию о деятельности Объединения;
14) соблюдать этические нормы поведения в повседневной жизни и воздерживаться от поступков, наносящих урон авторитету Объединения.

4. ИСКЛЮЧЕНИЕ ИЗ ЧЛЕНСТВА В ОБЪЕДИНЕНИИ

4.1. Объединение может исключить из членства в Объединении, если член Объединения:
1) не выполняет требований Устава, решений Общее собрание членов и Президента Объединения;
2) систематически не выполняет или ненадлежащим образом выполняет свои обязательства перед Объединением;
3) препятствует своим действием или бездействием нормальной работе Объединения;
4) не внес членский взнос в установленной срок.
4.2. Решение об исключении из членства в Объединении принимается Президентом.
4.3. Процедура принятия и выхода из членства в Объединении регулируются Правилами, утвержденными Президентом Объединения.

5. ИМУЩЕСТВО ОБЪЕДИНЕНИЯ

5.1. Имущество и средства Объединения формируются за счет:
1) вкладов учредителей (членов);
2) добровольных денежных и иных взносов и пожертвований казахстанских и зарубежных юридических и физических лиц, в том числе с целевым назначением на осуществление конкретных программ Объединения;
3) поступлений от хозяйственной деятельности, осуществляемой в соответствии с уставными целями Объединения;
4) средств, полученных в результате поступлений от проводимых Объединением благотворительных акций и мероприятий;
5.2. Объединение является собственником имущества, переданного его учредителями (членами), иными гражданами и юридическими лицами для выполнения уставных задач, а также имущества, созданного или приобретенного им за счет собственных средств, включая доходы от хозяйственной деятельности.
5.3. Объединение может иметь в собственности здания, сооружения, оборудование, инвентарь, денежные средства, акции и другие ценные бумаги, а также иное имущество, необходимое для обеспечения деятельности Объединения, предусмотренной настоящим Уставом.
5.4. Имущество и денежные средства Объединения отражаются в самостоятельном балансе Объединения и зачисляются на текущие банковские счета. При необходимости Объединение дополнительно открывает специальные текущие счета для зачисления денежных средств (в том числе валютных), поступающих в виде добровольных пожертвований от физических и/или юридических лиц или необходимых для реализации конкретных программ и проектов Объединения.
5.5. Объединение несет полную имущественную ответственность по своим обязательствам тем своим имуществом и средствами, на которые в соответствии с законодательством может быть обращено взыскание.
5.6. Объединение имеет право арендовать нежилые помещения и иное имущество для осуществления своей деятельности.
5.7. Учредители и члены Объединения не имеют имущественных прав в отношении имущества Объединения.

6. ФИНАНСОВО-ХОЗЯЙСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ

6.1. В целях накопления финансовых ресурсов и развития материально-технической базы для осуществления

уставной деятельности Объединение вправе:

1) вести хозяйственную деятельность, заключать договоры, в том числе трудовые, совершать любые иные сделки, не запрещенные законодательством РК и получать доходы;

2) создавать предприятия и организации с правами юридических лиц, необходимые для осуществления его уставной деятельности;

3) для осуществления деятельности, подлежащей обязательному государственному лицензированию, Объединение в установленном законом порядке получает разрешение (лицензию).

6.2. Доходы Объединения, а также полученные Объединением денежные средства от организаций и граждан, в том числе валютные средства, недвижимость, оборудование, имущество и другие материальные ценности, не могут быть распределены между учредителями и членами Объединения, работниками Объединения, членами их семей, а равно не могут использоваться в интересах частных лиц или ограниченной группы лиц.

6.3. Доходы и денежные средства Объединения, указанные в пункте 5.2 Устава, используются исключительно для осуществления уставной деятельности, реализации Объединением или с участием Объединения социальных программ и проектов.

7. УПРАВЛЕНИЕ ОБЪЕДИНЕНИЕМ

7.1. Объединение имеет следующую организационную структуру управления:

1) высший орган управления Объединения - **Общее собрание членов;**

2) исполнительный орган Объединения - **Президент;**

3) контрольный орган - **Ревизионная комиссия.**

7.2. Общее собрание членов вправе создавать иные органы, при этом соответствующие изменения и дополнения вносятся в Устав Объединения в установленном законодательством порядке.

8. ОБЩЕЕ СОБРАНИЕ ЧЛЕНОВ

8.1. Высшим органом управления Объединения является **Общее собрание членов.**

8.2. В исключительную компетенцию **Общего собрания членов** входит:

1) утверждение изменений и дополнений в Устав Объединения или их новой редакции;

2) утверждение решения о добровольной ликвидации или реорганизации Объединения в порядке, предусмотренном законодательством;

3) определение компетенции, организационной структуры и порядка установления и прекращения полномочий органов управления Объединения;

4) утверждение решений по дополнительным вкладам (взносам) в Объединение от учредителей или иных юридических и физических лиц;

5) утверждение решений об участии Объединения в деятельности других юридических лиц и открытии филиалов и представительств Объединения;

6) утверждение порядка и периодичности представления финансовой отчетности исполнительных органов, а также порядка проведения проверки контрольным органом и утверждения их результатов;

7) решение вопросов финансирования текущей деятельности Объединения;

8) утверждение годовых отчетов Президента Объединения;

9) принятие решений по возбуждению или урегулированию любых судебных или арбитражных разбирательств;

10) утверждение сметы расходов Объединения;

11) определение состава и утверждение отчета Ревизионной комиссии Объединения;

12) утверждение штатного расписания, определение системы оплаты труда, установление размеры должностных окладов;

13) утверждение внутренних документов, определяющих порядок деятельности Объединения;

14) определение размера членских взносов Объединения.

8.3. Решения Общего собрания членов являются обязательными для всех членов Объединения.

8.4. Заседания Общего собрания членов правомочны при наличии не менее 2/3 (двух третей) от состава учредителей. Решения принимаются большинством голосов от общего числа присутствующих на общем собрании учредителей.

9. ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ ОРГАН ОБЪЕДИНЕНИЯ

9.1. Исполнительным органом Объединения является - **Президент.**

9.2. В обязанности и полномочия Президента входит осуществление руководства повседневной деятельностью и операциями Объединения.

9.3. Президент должен быть утвержден и назначен решением Общего собрания членов. Президент назначается сроком на три года.

9.4. Президент действует на основании и в соответствии с решениями Общего собрания членов и настоящего Устава.

9.5. За исключением тех вопросов, которые входят в исключительную компетенцию Общего собрание членов учредителей, Президента Объединения:

1) осуществляет текущее руководство деятельностью Объединения;
2) распоряжается средствами Объединения в соответствии с утверждённой сметой расходов;
3) в пределах своих полномочий выдает доверенности и в том числе с правом передоверия, на право представления интересов Объединения в его отношениях с третьими лицами;
4) без доверенности действует от имени Объединения и представляет его во всех учреждениях, предприятиях и организациях, а также перед третьими лицами как в Республике Казахстан, так и за рубежом;
5) открывает и закрывает банковские счета Объединения на территории Республики Казахстан и за ее пределами;
6) заключает сделки, издает приказы и распоряжения Объединения;
7) представляет годовые отчеты, годовые бюджеты на утверждение Общему собранию членов;
8) сотрудничает с другими организациями по вопросам, относящимся к компетенции Объединения;
9) принимает решения по вопросам найма и увольнения персонала Объединения, принимает меры поощрения и дисциплинарного взыскания в отношении работников, определяет порядок использования денежных средств; и
10) выполняет иные действия, необходимые для управления деятельностью Объединения.
9.6. Президенту запрещается выступать от имени или в интересах третьих лиц в их отношениях с Объединением, за исключением того, что предусмотрено в настоящем Уставе.
9.7. Президент несет ответственность за несоблюдение требований настоящего Устава и законодательства.
9.8. Увольнение Президента осуществляется решением Общего собрания членов в соответствии с настоящим Уставом.
9.9. Президент может переизбран досрочно, в случае не исполнения своих обязательств, по Решению Общего собрания членов.

10. РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ

10.1. Ревизионная комиссия ежегодно назначается Протоколом Общего собрания членов и состоит из не менее трех членов, проводящих периодическую проверку счетов и бухгалтерских книг Объединения не менее одного раза в три месяца.
10.2. Ревизионная комиссия вправе потребовать от Президента предоставления всех необходимых материалов и документов по финансово-хозяйственной деятельности Объединения.

11. ПОРЯДОК ВНЕСЕНИЯ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В УСТАВ

11.1. Согласно подпункту 1 пункта 8.2 настоящего Устава, утверждение внесения изменений дополнений относится к исключительной компетенции Общего собрания членов Объединения. Решение принимается при единогласном одобрении учредителей Объединения и оформляется Протоколом Общего собрания членов Объединения.
11.2. Внесение изменений и дополнений в Устав Объединения осуществляется, согласно законодательству о государственной регистрации юридических лиц, и вступает в силу только при прохождении соответствующих оформительских процедур в учредительные документы Объединения в органах юстиции.

12. ФИЛИАЛЫ И ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВА

12.1. Объединение может создавать филиалы и открывать представительства на территории города Кызылорда в соответствии с законодательством Республики Казахстан.
12.2. Филиалом Объединения является обособленное подразделение некоммерческой организации, расположенное вне места ее нахождения и осуществляющее все или часть ее функций, в том числе функции представительства.
12.3. Представительством Объединения является обособленное подразделение некоммерческой организации, расположенное вне места ее нахождения и осуществляющее защиту и представительство интересов некоммерческой организации, совершающее от ее имени сделки и иные правовые действия. 12.4. Филиалы и представительства не являются юридическими лицами. Они наделяются имуществом создавшей их некоммерческой организации и действуют на основании утвержденного ею положения.
12.5. Руководители филиалов и представительств Объединения назначаются уполномоченным органом Объединения и действуют на основании его доверенности.
12.6. Филиал и представительство осуществляют деятельность от имени Объединения. Ответственность за деятельность своего филиала либо представительства несет Объединение.
12.7. Порядок и сроки прохождения учетной регистрации, перерегистрации регулируются законодательством о регистрации юридических лиц. Вопросы, не предусмотренные настоящим Уставом, регулируются действующим законодательством.

13. ПОРЯДОК РЕОРГАНИЗАЦИИ И ЛИКВИДАЦИИ ОБЪЕДИНЕНИЯ

13.1. Реорганизация Объединения осуществляется путем слияния, присоединения, разделения, выделения или преобразования с учетом следующего:
1) при слиянии, присоединении или преобразовании Объединения, его права и обязательства переходят к

новым юридическим лицам в соответствии с передаточным актом;

2) при разделении Объединения, все его права и обязательства переходят к вновь образовавшимся юридическим лицам в соответствии с разделительным балансом; или

3) при выделении из Объединения одного или нескольких юридических лиц, к каждому из них права и обязательства переходят в соответствии с разделительным балансом.

13.2. Передаточный акт и разделительная балансовая отчетность в отношении всех реорганизаций утверждаются Общим собранием членов и должны содержать положения о передаче всех обязательств Объединения в отношении всех кредиторов и дебиторов, включая обязательства, оспариваемые сторонами.

13.3. Все процедуры в связи с реорганизацией Объединения осуществляются в соответствии с законодательством.

13.4. Ликвидация Объединения осуществляется по решению Общего собрания членов, суда или других уполномоченных органов в соответствии с законодательством. Решение об использовании оставшегося после ликвидации Объединения имущества публикуется ликвидационной комиссией в средствах массовой информации. Имущество, оставшееся после ликвидации Объединения, после удовлетворения требований кредиторов направляется исключительно на уставные цели.

13.5. Ликвидация Объединения считается завершенной, а Объединения прекратившей свою деятельность после внесения об этом сведений в Национальный реестр бизнес-идентификационных номеров.

14. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ

14.1. Отношения, неурегулированные настоящим Уставом, регламентируются действующим законодательством Республики Казахстан.

Президент
Общественного объединение «AKTEL ALUMNI» **Ерубаев Есенгельды Калмаганбетович**